

Железинка селосының көшелерінің атауын өзгерту туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Железин селолық округ әкімінің 2010 жылғы 15 маусымдағы N 28 шешімі. Павлодар облысы Железин ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 маусымда N 12-6-89 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес және Железинка селосы тұрғындарының пікірлерін есепке ала отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Железинка селосы көшелерінің атаулары өзгертілсін:

Щорс көшесі Михаил Иванович Трусов атындағы көшесіне;

Куйбышев көшесі Жылқыбай Қайыргелдіұлы Жүсіпов атындағы көшесіне;

Әуезов көшесі (бұрынғы автокөлік кәсіпорынның ауданы) Автотранспортная көшесіне;

Садовая көшесі (бұрынғы нан қабылдау пунктінің ауданы) Речная көшесіне;

Ш. Уәлиханов көшесі (шошқа фермасы ауданы) Еңбек көшесіне.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

В. Мельник